

Әкімдіктің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 451 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 303 қаулысы. Қостанай облысы Қарабалық ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 маусымда № 9-12-191 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы әкімдігінің 02.02.2016 № 13 қаулысымен (алғаш қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 7-бабының 5-5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес, Қарабалық ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" әкімдіктің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы № 451 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-149 тіркелген, 2011 жылғы 27 қаңтарда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1, 2-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Қарабалық ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруда

жәрдемдесу жөніндегі шараларды қабылдасын."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.А. И сен ба ев қа жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ауданының әкімі

Ф. Филиппов

Қ а р а б а л ы қ